



## Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2024 жылғы 27 желтоқсандағы № 92 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 31 желтоқсанда № 35603 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі бекітілсін.

2. Қаржы ұйымдарының әдіснамасы және пруденциялық реттеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және дамыту  
Агенттігінің Төрағасы

М. Абылкасымова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Стратегиялық жоспарлау  
және реформалар агенттігінің  
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және  
дамыту Агенттігінің  
Басқармасының

## **Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі**

1. "Сауда-саттықты ұйымдастырушы үшін пруденциалдық нормативтердің мәндерін есептеу қағидалары мен әдістемелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 29 наурыздағы №41 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6207 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабы 2-тармағының 11) тармақшасын іске асыру мақсатында Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің Басқармасы (бұдан әрі - Агенттік) **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:"**;

көрсетілген қаулымен бекітілген Сауда-саттықты ұйымдастырушы үшін пруденциялық нормативтердің мәндерін есептеу қағидалары мен әдістемелерінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Сауда-саттықты ұйымдастырушы үшін пруденциялық нормативтердің мәндерін есептеу қағидалары мен әдістемелері "Бағалы қағаздар рыногы туралы", "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және сауда-саттықты ұйымдастырушы үшін пруденциялық нормативтердің мәндерін есептеу тәртібі мен әдістемелерін белгілейді.

Осы Қағидалар дауыс беруші акцияларының жалпы санының жиырма бес пайызынан астамы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі сауда-саттықты ұйымдастырушыға 3-тармақта белгіленген талаптар бөлігінде қолданылады.";

1-қосымша Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемелерін, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының немесе сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарды, сақтандыру холдингтері сатып алатын халықаралық қаржы ұйымдары

облигацияларының тізбесін, сақтандыру холдингтері сатып алатын облигациялар үшін талап етілетін ең төмен рейтингті және рейтингтік агенттіктердің тізбесін, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алатын қаржы құралдарының (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 304 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14794 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінде және оларды есептеу әдістемелерінде:

38-тармақта:

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"11) "Қазақстанның Даму Банкі", "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры", "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі", "Проблемалық кредиттер қоры" акционерлік қоғамдары және Еуразиялық даму банкі Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарған борыштық бағалы қағаздар;"

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"15) Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің "АА-" төмен емес халықаралық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар, сондай-ақ Еуразиялық даму банкі шығарған борыштық бағалы қағаздар;"

4-қосымша Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

5-қосымша Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру холдингтері сатып алатын халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының тізбесі Тізбеге 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алатын қаржы құралдарының (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесі Тізбеге 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

3. "Екінші деңгейдегі банктерге консервациялау режимін қолдану (орнату) қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 қаңтардағы № 8 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18291 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 62-бабының 6-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:"

көрсетілген қаулымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктерге консервациялау режимін қолдану (орнату) қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Екінші деңгейдегі банктерге консервациялау режимін қолдану (орнату) қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Банктер туралы заң) сәйкес әзірленді және екінші деңгейдегі банктерге (бұдан әрі – банк) консервациялау режимін қолдану (орнату) тәртібін айқындайды.";

7 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Банкті басқару жөніндегі уақытша әкімшілік (банкті уақытша басқарушы) кедергі келтіру туралы акт жасаған күні оны Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 462-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешім қабылдау үшін уәкілетті органға жібереді.

Өңірдегі уақытша әкімшіліктің мүшесі жасаған және қол қойған кедергі келтіру туралы актінің көшірмесі банкті басқару жөніндегі уақытша әкімшіліктің басшысына (банкті уақытша басқарушыға) жіберіледі.

8. Банкті басқару жөніндегі уақытша әкімшілік (банкті уақытша басқарушы) өзін тағайындағаннан кейін мынадай іс-әрекеттерді орындайды:

1) қажет болған кезде қолжетімділік арнайы құрылғыларды пайдалана отырып жүзеге асырылатын үй-жайлардың, ғимараттардың, қақпалардың, металл шкафтардың, сейфтердің кілттерін, құлыптарын ауыстыруды жүзеге асырады;

2) тағайындалған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде банктің мүлкін иеліктен шығару бойынша банкті басқару жөніндегі уақытша әкімшілік (банкті уақытша басқарушы) жасамаған мәмілелерді тіркеуге, сондай-ақ банк кепіл ұстаушы болып табылатын мүлктен ауыртпалықты алуға тыйым салуды белгілеу мақсатында тіркеуші органдарды, орталық депозитарийді және қор биржасын уәкілетті органның консервациялауды жүргізу туралы шешімдері туралы хабардар етеді;

3) 1 (бір) жұмыс күні ішінде уәкілетті органға электрондық құжаттарды қорғау және банктің автоматтандырылған жүйесіне кіру үшін пайдаланатын кілттер мен парольді ауыстыру жөнінде өтініш жасайды;

4) 3 (үш) жұмыс күні ішінде ауыртпалық салған органдарға орындалған міндеттемелер бойынша банктің мүлкінен және банк кепіл ұстаушы болып табылатын мүлктен ауыртпалықты алып тастау туралы өтінішхат бере отырып жүгінеді;

5) 3 (үш) жұмыс күні ішінде банктік шоттары бар банктерді уәкілетті органның банкке қатысты консервациялау жүргізу туралы, банктік шоттар бойынша шығыс операцияларын банкті басқару жөніндегі уақытша әкімшіліктің (банкті уақытша басқарушының) ғана жүзеге асыруы туралы және банктік шоттар бойынша үзінді-көшірмелер беру қажеттілігі туралы шешімдері жөнінде хабардар етеді;

6) 3 (үш) жұмыс күні ішінде толық материалдық жауапкершілік атқаратын адамдардың, оның ішінде бухгалтерлік есеп жүргізудің автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне және банктің қаржылық және өзге де есептілігін жасауға рұқсаты бар адамдардың тобын айқындайды;

7) 3 (үш) жұмыс күні ішінде банктің және оның филиалдарының, өкілдіктерінің және өзге де бөлімшелерінің кассаларына, банкоматтарына және басқа электрондық терминалдарына олардағы барлық ақша мен өзге құндылықтарды және құжаттарды тексере отырып ревизия жасауды, банктік шоттарындағы (оның ішінде шетелдік банктердегі) қалдықтарды банктің бухгалтерлік есебінің деректерімен салыстырып тексеруді жүзеге асырады және тиісті актілерді жасайды;

8) 3 (үш) жұмыс күні ішінде банкті басқару жөніндегі уақытша әкімшіліктің әкімшісінің (банкті уақытша басқарушының) қол қою үлгілері бар жаңа құжатты уәкілетті органға және банктік шоттары бар банктерге ұсынады;

9) 3 (үш) жұмыс күні ішінде банктің атынан бұрын берілген сенімхаттардың күшін жояды, сондай-ақ бұл туралы сенімхаттарда көрсетілген заңды және жеке тұлғаларды хабардар етеді;

10) 10 (он) жұмыс күні ішінде төлем жасауға қабілетсіз банкті реттеу жөніндегі шараларды іске асыру бойынша банкті консервациялаудың негізгі іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі – консервациялау жоспары) әзірлейді және бекітеді;

11) 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде банктің баланста көрсетілген барлық активтері мен міндеттемелерін және банктің баланстық және баланстан тыс шоттарында есепке алынған мүлкін, оның ішінде кепілдегі мүлкін және олар бойынша құқық белгілейтін құжаттарды түгендейді, баланстық және баланстан тыс шоттардағы нақты қалдықтарды айқындайды. Түгендеу жүргізу мерзімі жұмыс сипаты мен көлемі ескеріле отырып, уәкілетті органның келісімімен ұзартылады.

Банктің мүлкін, құжаттарын ревизиялау, түгендеу, қабылдау-өткізу Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9711 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 16 шілдедегі № 147 қаулысымен бекітілген Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының уақытша әкімшілігін (уақытша әкімшісін) тағайындау және олардың өкілеттіктері қағидаларының (бұдан әрі – № 147 қағидалар) 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44 және 46-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

Баланста көрсетілмеген мүлік түгендеу тізімдемесінде көрсетіледі және қажет болған кезде нарықтық құны бойынша балансқа енгізілуге тиіс.

Түгендеу барысында анықталған мүлікті "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бағалау қызметін жүзеге асыратын бағалаушы бағалайды.

Түгендеу барысында анықталған мүлікті бағалау үшін бағалаушыны таңдау конкурс өткізу арқылы жүзеге асырылады, оның нәтижелері бойынша барынша тиімді, оның

ішінде көрсетілетін қызметтер үшін ақы төлеу мөлшері, бағалау жүргізу мерзімдері бөлігінде барынша тиімді талаптар ұсынған бағалаушы таңдалады. Конкурс өткізу талаптарын банкті басқару жөніндегі уақытша әкімшіліктің басшысы (банкті уақытша басқарушы) айқындайды;

12) қызмет мерзімі ішінде Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес банктің мүлкін өткізуді жүзеге асырады;

13) қызмет мерзімі ішінде банкте көзделген барлық қосымша төлемдер мен жеңілдіктердің күшін жоюды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде көзделген жағдайларды қоспағанда, қызметкерлердің еңбекақысын қысқартуға қатысты банктің шығыстарын оңтайландыруды жүргізеді;

14) Банктер туралы заңда белгіленген өз өкілеттіктері шеңберінде өзге де іс-шараларды жүзеге асырады."

4. "Пруденциялық нормативтерді және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның сақтауы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді, оларды есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 14 қарашадағы № 192 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19629 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Пруденциялық нормативтерді және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның сақтауы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерде, оларды есептеу әдістемесінде:

қосымша Тізбеге 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

5. "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 7 маусымдағы № 42 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32832 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін жүзеге асыру қағидаларында:

2- қосымшада:

5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Осы айдың әрбір күнтізбелік күнінің аяғындағы жұмыс берушінің міндетті жарналары есебінен қалыптасқан "таза" зейнетақы активтерінің ағымдағы құны мына формула бойынша есептеледі (Қағидаларда белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып) :

$3A_i = 3A_{(i-1)} + Ж_i + K_i + A_i - H_i - K_{ci}$ , мұнда:

$3A_{(i-1)}$  - алдыңғы күнтізбелік күннің аяғындағы жұмыс берушінің міндетті жарналары есебінен қалыптасқан "таза" зейнетақы активтерінің ағымдағы құны;

Жі - бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына осы күні түскен жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары;

Кі - айдың әр аптасының бірінші жұмыс күнінің соңындағы және айдың соңғы күнтізбелік күнінің соңындағы жағдай бойынша жұмыс берушінің міндетті жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы активтері бойынша жинақталған инвестициялық кіріс сомасы;

Аі - бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры жұмыс берушінің міндетті жарналарын уақтылы аудармағаны үшін осы күні алынған өсімпұл;

Ні - бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан осы күнге есептелген зейнетақы төлемдері және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының шотына қателесіп түскен зейнетақы жарналарын және (немесе) өсімпұлды қайтару бойынша міндеттемелер (бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры және оған қызмет көрсететін кастодиан банк түскен күні қателесіп түскен деп таныған, қаржы құралдарына орналастырылмаған және жеке тұлғалардың шартты зейнетақы шоттарына есепке алынбаған сомаларды қоспағанда);

КСі - айдың әр аптасының бірінші жұмыс күнінің соңындағы және айдың соңғы күнтізбелік күнінің соңындағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің инвестициялық кірісінен комиссиялық сыйақының жинақталған сомасы.

6. Осы айдың әрбір күнтізбелік күнінің аяғындағы шартты бірліктердің жалпы саны мына формула бойынша есептеледі:

$$Жі + Аі - Ні$$

$$ШБі = ШБ (і-1) + \text{-----}, \text{ мұнда:}$$

$$Қ (і - 1)$$

ШБ (і-1) - осы күннің алдындағы күнтізбелік күннің аяғындағы шартты бірліктердің жалпы саны;

Қ (і-1) - осы күннің алдындағы күнтізбелік күннің аяғындағы бір шартты бірліктің құны."

Қазақстан Республикасының  
қаржы нарығын реттеу  
мәселелері бойынша өзгерістер  
енгізілетін нормативтік  
құқықтық актілерінің тізбесіне  
1-қосымша  
Сауда-саттықты  
ұйымдастырушы үшін  
пруденциялық нормативтердің  
мәндерін есептеу қағидалары  
мен әдістемелеріне  
1-қосымша

**Сауда-саттықты ұйымдастырушының салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтерінің кестесі**

№	Баптардың атауы	Тәуекел дәрежесі пайызбен
I топ		
1.	Қолма-қол теңге	0
2.	"Standard & Poor's" (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "АА-"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің қолма-қол шетел валютасы	0
3.	Тазартылған бағалы металдар	0
4.	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдар	0
5.	"Standard & Poor's" (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "АА-"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріндегі салымдар	0
6.	"Standard & Poor's" (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "АА-"-тен төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар	0
7.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің дебиторлық берешегі	0
8.	Қазақстан Республикасының жергілікті билік органдарының салықтар мен бюджетке төленетін басқа төлемдер бойынша дебиторлық берешегі	0
9.	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	0
10.	"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы шығарған бағалы қағаздар	
	"Standard & Poor's" (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "АА-"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған	

11.	ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар	0
12.	"Standard & Poog's" (Стандард энд Пурс) агенттігінің "АА-"-тен төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар	0
II топ		
13.	"Standard & Poog's" (Стандард энд Пурс) агенттігінің "АА-"-тен төмен тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің және тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің қолма-қол шетел валютасы	20
14.	"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының корреспонденттік шоттарындағы ақша	20
15.	"Standard & Poog's" (Стандард энд Пурс) агенттігінің "АА-"-тен төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдарға берілген қарыздар	20
16.	"Standard & Poog's" (Стандард энд Пурс) агенттігінің "А+"-тен "А"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріндегі салымдар	20
17.	"Standard & Poog's" (Стандард энд Пурс) агенттігінің "А+"-тен "А"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар	20

18.	"Standard & Poor's" (Стандард энд Пурс) агенттігінің "AA"-тен төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдардағы салымдар	20
19.	"Standard & Poor's" (Стандард энд Пурс) агенттігінің "AA"-тен төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдардың корреспонденттік шоттарындағы ақша	20
20.	I тәуекел тобына жатқызылған дебиторлық берешекті қоспағанда, Қазақстан Республикасының жергілікті билік органдарының дебиторлық берешегі	20
21.	"Standard & Poor's" (Стандард энд Пурс) агенттігінің "AA"-тен төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдардың дебиторлық берешегі	20
22.	"Standard & Poor's" (Стандард энд Пурс) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтері шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар	20
23.	"Standard & Poor's" (Стандард энд Пурс) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар	20
24.	Қазақстан Республикасының жергілікті билік органдары шығарған бағалы қағаздар	20
25.	"Standard & Poor's" (Стандард энд Пурс) агенттігінің "AA"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған	20

	ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің жергілікті билік органдары шығарған бағалы қағаздар	
26.	"Standard & Poor's" (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "AA"-тен төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдар шығарған бағалы қағаздар	20
27.	Сауда-саттықты ұйымдастырушы баланста ұстап тұратын және "Standard & Poor's" (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "AAA"-дан "AA"-ке дейінгі кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе "Standard & Poor's" (Стандарт энд Пурс) агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzAAA"-дан "kzAA"-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар секьюритилендіру позициялары	20
III топ		
28.	Тазартылмаған бағалы металдар	50
29.	"Standard & Poor's" (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдарға берілген қарыздар	50
30.	"Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы шығарған борыштық бағалы қағаздар	50
31.	"Standard & Poor's" (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "BBB+"-тен "BBB"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріндегі салымдар	50
	"Standard & Poor's" (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "BBB+"-тен "BBB"-ке дейінгі борыштық	

32.	рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар	50
33.	"Standard & Poor's" (Стандард энд Пурс) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдардағы салымдар	50
34.	"Standard & Poor's" (Стандард энд Пурс) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдардың корреспонденттік шоттарындағы ақша	50
35.	"Standard & Poor's" (Стандард энд Пурс) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдардың дебиторлық берешегі	50
36.	"Standard & Poor's" (Стандард энд Пурс) агенттігінің "BBB+"-тен "BBB"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтері шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар	50
37.	"Standard & Poor's" (Стандард энд Пурс) агенттігінің "BBB+"-тен "BBB"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар	50
38.	"Standard & Poor's" (Стандард энд Пурс) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар	50

	елдердің жергілікті билік органдары шығарған бағалы қағаздар	
39.	"Standard & Poor's" (Стандард энд Пурс) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдар шығарған бағалы қағаздар	50
40.	Сауда-саттықты ұйымдастырушы баланста ұстап тұратын және "Standard & Poor's" (Стандард энд Пурс) агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе "Standard & Poor's" (Стандард энд Пурс) агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzA+"-тен "kzA"-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар секьюритилендіру позициялары	50
IV топ		
41.	"Standard & Poor's" (Стандард энд Пурс) агенттігінің "A"-тен төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент ұйымдарына, тиісті рейтингтік бағасы жоқ Қазақстан Республикасының резидент ұйымдарына және "Standard & Poor's" (Стандард энд Пурс) агенттігінің "BBB+"-тен "BB"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарына берілген қарыздар	100
42.	"Standard & Poor's" (Стандард энд Пурс) агенттігінің "BB+"-тен "B"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар	100

	елдердің және тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің орталық банктеріндегі салымдар	
43.	"Standard & Poor's" (Стандард энд Пурс) агенттігінің "BB+"-тен "B-"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы және тиісті рейтингтік бағасы жоқ халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар	100
44.	"Standard & Poor's" (Стандард энд Пурс) агенттігінің "A"-тен төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент ұйымдарындағы, тиісті рейтингтік бағасы жоқ Қазақстан Республикасының резидент ұйымдарындағы және "Standard & Poor's" (Стандард энд Пурс) агенттігінің "BBB+"-тен "BB-"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарындағы салымдар	100
45.	"Standard & Poor's" (Стандард энд Пурс) агенттігінің "A"-тен төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент ұйымдарының, тиісті рейтингтік бағасы жоқ Қазақстан Республикасының резидент ұйымдарының және "Standard & Poor's" (Стандард энд Пурс) агенттігінің "BBB+"-тен "BB-"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарының корреспонденттік шоттарындағы ақша	100
	"Standard & Poor's" (Стандард энд Пурс) агенттігінің "A"-тен төмен	

46.	<p>борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент ұйымдарының, тиісті рейтингтік бағасы жоқ Қазақстан Республикасының резидент ұйымдарының және "Standard &amp; Poor's" (Стандард энд Пурс) агенттігінің "BBB+"-тен "BB-"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарының дебиторлық берешегі</p>	100
47.	<p>Жеке тұлғалардың дебиторлық берешегі</p>	100
48.	<p>"Standard &amp; Poor's" (Стандард энд Пурс) агенттігінің "BB+"-тен "B-"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің және тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар</p>	100
49.	<p>"Standard &amp; Poor's" (Стандард энд Пурс) агенттігінің "BBB+"-тен "BB-"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің және тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің жергілікті билік органдары шығарған бағалы қағаздар</p>	100
50.	<p>"Standard &amp; Poor's" (Стандард энд Пурс) агенттігінің "BB+"-тен "B-"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары және тиісті рейтингтік бағасы жоқ халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар</p>	100
	<p>"Standard &amp; Poor's" (Стандард энд Пурс) агенттігінің "A-"-тен төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің</p>	

51.	осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент ұйымдары, тиісті рейтингтік бағасы жоқ Қазақстан Республикасының резидент ұйымдары және "Standard & Poor's" (Стандард энд Пурс) агенттігінің "BBB+"-тен "BB"-ке дейінгі борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдары шығарған бағалы қағаздар	100
52.	Сауда-саттықты ұйымдастырушы баланста ұстап тұратын және "Standard & Poor's" (Стандард энд Пурс) агенттігінің "BBB+"-тен "BBB"-ке дейінгі кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе "Standard & Poor's" (Стандард энд Пурс) агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzBBB+"-тен "kzBBB"-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар секьюритилендіру позициялары	100
53.	Төлемдер бойынша есеп айырысулар	100
54.	Негізгі қаражат	100
55.	Материалдық қорлар	100
56.	Сыйақы мен шығыстар сомаларының алдын ала төлемі	100
V топ		
57.	Сауда-саттықты ұйымдастырушының негізгі қызметінің мақсаттары үшін сатып алынған және 38 Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес келетін лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз ету	100
58.	"Standard & Poor's" (Стандард энд Пурс) агенттігінің "BB"-тен төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан	150

	Республикасының бейрезидент ұйымдарына және тиісті рейтингтік бағасы жоқ Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарына берілген қарыздар	
59.	Осы қосымшаға ескертпеде көрсетілген шет мемлекеттердің аумағында тіркелген заңды тұлғалар немесе олардың азаматтары болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезиденттеріне берілген қарыздар	200
60.	"Standard & Poor's" (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "B"-тен төмен тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріндегі салымдар	150
61.	"Standard & Poor's" (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "B"-тен төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарындағы салымдар	150
62.	"Standard & Poor's" (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "BB"-тен төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарындағы және тиісті рейтингтік бағасы жоқ Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарындағы салымдар	150
63.	"Standard & Poor's" (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "BB"-тен төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарының және тиісті рейтингтік бағасы жоқ Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарының корреспонденттік шоттарындағы ақша	150
	Осы қосымшаға ескертпеде көрсетілген шет мемлекеттердің	

64.	аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарындағы салымдар	200
65.	Осы қосымшаға ескертпеде көрсетілген шет мемлекеттердің аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарының корреспонденттік шоттарындағы ақша	200
66.	"Standard & Poor's" (Стандард энд Пурс) агенттігінің "BB-"-тен төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарының және тиісті рейтингтік бағасы жоқ Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарының дебиторлық берешегі	150
67.	Осы қосымшаға ескертпеде көрсетілген шет мемлекеттердің аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдарының дебиторлық берешегі	200
68.	"Standard & Poor's" (Стандард энд Пурс) агенттігінің "B-"-тен төмен тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтері шығарған бағалы қағаздар	150
69.	"Standard & Poor's" (Стандард энд Пурс) агенттігінің "BB-"-тен төмен тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің жергілікті билік органдары шығарған бағалы қағаздар	150
70.	"Standard & Poor's" (Стандард энд Пурс) агенттігінің "B-"-тен төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған бағалы қағаздар	150
	"Standard & Poor's" (Стандард энд Пурс) агенттігінің "BB-"-тен	

71.	төмен борыштық рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдары және тиісті рейтингтік бағасы жоқ Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдары шығарған бағалы қағаздар	150
72.	Осы қосымшаға ескертпеде көрсетілген шет мемлекеттердің аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының бейрезидент ұйымдары шығарған бағалы қағаздар	200
73.	Сауда-саттықты ұйымдастырушы баланста ұстап тұратын және "Standard & Poor's" (Стандарт энд Пурс) агенттігінің "BB+"-тен "BB-"-ке дейінгі кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе "Standard & Poor's" (Стандарт энд Пурс) агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzBB+"-тен "kzBB-"-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар секьюритилендіру позициялары	350
	Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15175 болып тіркелген, "Эмитенттерге және олардың қор биржасында айналысқа жіберілетін бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасы ресми тізімінің жекелеген санаттарына қойылатын талаптарды бекіту және Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне бағалы қағаздар нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 27 наурыздағы № 54 қаулысында көзделген, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына	

74.	сәйкес шығарылған, қор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторына енгізілген, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнасына сәйкес шығарылған Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары немесе қор биржасының ресми тізімінің "Негізгі" алаңының алаңының "борыштық бағалы қағаздар" секторына енгізу үшін қор биржасының талаптарына сәйкес келетін, "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасында жария сауда-саттыққа жіберілген Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары	250
75.	Басқа да қаржы құралдары	400
	Жиынтығы:	

Ескертпе:

Шет мемлекеттердің тізбесі:

- 1) Андорра Князьдігі;
- 2) Антигуа және Барбуда мемлекеті;
- 3) Багам аралдары достастығы;
- 4) Барбадос мемлекеті;
- 5) Бахрейн мемлекеті;
- 6) Белиз мемлекеті;
- 7) Бруней Даруссалам мемлекеті;
- 8) Вануату Республикасы;
- 9) Гватемала Республикасы;
- 10) Гренада мемлекеті;
- 11) Джибути Республикасы;
- 12) Доминикан Республикасы;
- 13) Индонезия Республикасы;
- 14) Испания (Канар аралдарының аумағы бөлігінде ғана);
- 15) Кипр Республикасы;
- 16) Қытай Халық Республикасы (Аомынь (Макао) және Сянган (Гонконг) арнайы әкімшілік аудандарының аумақтары бөлігінде ғана);
- 17) Комор аралдары Федералдық Ислам Республикасы;

- 18) Коста-Рика Республикасы;
- 19) Малайзия (Лабуан анклавының аумағы бөлігінде ғана);
- 20) Либерия Республикасы;
- 21) Лихтенштейн Князьдігі;
- 22) Маврикий Республикасы;
- 23) Португалия (Мадейра аралдарының аумақтары бөлігінде ғана);
- 24) Мальдив Республикасы;
- 25) Мальта Республикасы;
- 26) Маршалл аралдары Республикасы;
- 27) Монако Князьдігі;
- 28) Мьянма Одағы;
- 29) Науру Республикасы;
- 30) Нидерланд (Аруба аралының аумағы және Антиль аралдарының тәуелді аумақтары бөлігінде ғана);
- 31) Нигерия Федеративтік Республикасы;
- 32) Жаңа Зеландия (Кук және Ниуэ аралдарының аумағы бөлігінде ғана);
- 33) Біріккен Араб Әмірліктері (Дубай қаласының аумағы бөлігінде ғана);
- 34) Палау Республикасы;
- 35) Панама Республикасы;
- 36) Тәуелсіз Самоа мемлекеті;
- 37) Сейшель аралдары Республикасы;
- 38) Сент-Винсент және Гренадин мемлекеті;
- 39) Сент-Китс және Невис Федерациясы;
- 40) Сент-Люсия мемлекеті;
- 41) Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландияның Біріккен Корольдігі (мынадай аумақтары бөлігінде ғана):
  - Ангилья аралдары; Бермуд аралдары;
  - Британдық Виргин аралдары;
  - Гибралтар;
  - Кайман аралдары;
  - Монтсеррат аралы;
  - Теркс және Кайкос аралдары;
  - Мэн аралы;
  - Норманд аралдары (Гернси, Джерси, Сарк, Олдерни аралдары);
- 42) Америка Құрама Штаттары (Американдық Виргин аралдары, Гуам аралы және Пуэрто-Рико достастығының аумағы бөлігінде ғана);
- 43) Тонга Корольдігі;
- 44) Филиппин Республикасы;
- 45) Шри-Ланка Демократиялық Республикасы.

Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне  
2-қосымша  
Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндеріне және оларды есептеу әдістемесіне  
4-қосымша

**Сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуі ескерілген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері кестесі**

№	Көрсеткіштің атауы	Есепке алынатын көлем
1	2	3
1	Ақша - барлығы, оның ішінде:	
1.1	қайта сақтандыру активтерін шегергенде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтері сомасының 1 (бір) пайызынан аспайтын сомадағы кассадағы ақша	100%
1.2	жолдағы ақша, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі ақша	100%
1.3	осы қосымшаның 2.1 және 2.2-жолдарында көрсетілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі ағымдағы шоттардағы ақша	100%
1.4	осы қосымшаның 2.3-жолында көрсетілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі ағымдағы шоттардағы ақша	90%
1.5	сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын немесе "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында тіркелген ұйымдағы Қазақстан Республикасының	100%

	екінші деңгейдегі банктеріндегі және орталық депозитарийдегі шоттарындағы ақшасы	
1.6	сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бағалы қағаздар нарығында инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыратын немесе "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында тіркелген ұйымдағы Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі шоттарындағы ақшасы	100%
2	Салымдар – барлығы, оның ішінде :	
